

"Техникалық реттеу туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2005 жылғы 25 наурыздағы N 64-ө
Өкімі

1. Қоса беріліп отырған "Техникалық реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 қарашадағы Заңын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет нормативтік құқықтық кесімдердің тізбесі (бұдан әрі - тізбе) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі және өзге де орталық мемлекеттік органдар заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) тізбеге сәйкес нормативтік құқықтық кесімдердің жобаларын әзірлесін және Қазақстан Республикасының Үкіметіне бекітуге енгізісін;

2) тиісті ведомстволық нормативтік құқықтық кесімдерді қабылдасын және Қазақстан Республикасының Үкіметіне қабылданған шаралар туралы хабарласын.

Премьер-Министр

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
2005 жылғы 25 наурыздағы
N 64 - ө өкімімен

бекітілген

"Техникалық реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 қарашадағы Заңын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет нормативтік құқықтық кесімдердің тізбесі

Р/с N	Нормативтік кесімнің атауы	құқықтық	Кесімнің нысаны	Орындалу мерзімі	Орындалуына жауапты мемлекеттік орган
1	2		3	4	5
1.	Қазақстан Үкіметінің шешімдеріне тер мен енгізу туралы	Республикасы кейбір өзгеріс-толықтырулар	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	2005 жылғы маусым	ИСМ
	Саудадағы кедергілер, лық және тарлық	техникалық санитар- фитосани- шаралар жөнін-	Қазақстан Республикасы		

2.	дегі ақпараттық орталықты құру және оның жұмыс істеуі ережесін бекіту туралы	Үкіметінің қаулысы	2005 жылғы мамыр	ИСМ
3.	Сәйкестікті растау жөніндегі органдарды, сынақ зертханаларын (орталықтарды) аккредиттеу ережесін бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	2005 жылғы маусым	ИСМ
4.	Мемлекеттік стандарттарды және техникалық-экономикалық ақпарат жіктеуіштерін әзірлеу, келісу, есепке алу, бекіту, сараптау, өзгерту, жою және қолданысқа енгізу ережесін бекіту туралы	Уәкілетті органның бұйрығы	2005 жылғы сәуір	ИСМ
5.	Стандарттау, сәйкестікті растау және аккредиттеу жөніндегі сарапшы-аудиторларды дайындау және аттестаттау ережесін бекіту туралы	Уәкілетті органның бұйрығы	2005 жылғы сәуір	ИСМ
6.	Халықаралық, өңірлік, ұлттық стандарттарды, техникалық-экономикалық ақпарат жіктеуіштерін есепке алу және қолдану ережесін, Қазақстан Республикасының аумағында шет мемлекеттердің стандарттау, сәйкестікті растау және аккредиттеу жөніндегі ережелері мен ұсынымдарын бекіту туралы	Уәкілетті органның бұйрығы	2005 жылғы мамыр	ИСМ
7.	Мемлекеттік стандарттау жоспарлары мен бағдарламаларын әзірлеу ережесін бекіту туралы	Уәкілетті органның бұйрығы	2005 жылғы мамыр	ИСМ
8.	Мемлекеттік органдардың, стандарттау жөніндегі техникалық комитеттердің және сәйкестікті растау жөніндегі органдардың қатысуымен жұмыстар жүргізу ережесін бекіту туралы	Уәкілетті органның бұйрығы	2005 жылғы мамыр	ИСМ

9.	Саудадағы техникалық кедергілер, санитарлық және фитосанитарлық шаралар жөніндегі ақпараттық орталық хабарламаларының нысанын, оларды толтыру және ұсыну ережесін бекіту туралы	Уәкілетті органның бұйрығы	2005 жылғы маусым	ИСМ
10.	Стандарттау жөніндегі техникалық комитеттердің құрылу, жұмыс істеу және таратылу ережесін бекіту туралы	Уәкілетті органның бұйрығы	2005 жылғы сәуір	ИСМ
11.	Стандарттарды және стандарттау, метрология, сертификаттау, аккредиттеу жөніндегі нормативтік құжаттарды, стандарттар каталогтары мен сілтемелерін шығару және пайдаланушыларды олармен және олар туралы ақпаратпен қамтамасыз ету ережесін бекіту туралы	Уәкілетті органның бұйрығы	2005 жылғы сәуір	ИСМ
12.	Берілген сәйкестік сертификаттарының қолданысын немесе сәйкестік туралы декларацияны тіркеудің қолданысын тоқтата тұру немесе олардың күшін жою ережесін бекіту туралы	Уәкілетті органның бұйрығы	2005 жылғы мамыр	ИСМ
13.	Сәйкестікті растау жөніндегі аккредиттелген органның инспекциялық тексеру жүргізу ережесін бекіту туралы	Уәкілетті органның бұйрығы	2005 жылғы сәуір	ИСМ
14.	Шетелдік сәйкестік сертификаттарын, сынақ хаттамаларын, сәйкестік белгілерін және сәйкестікті растау саласындағы өзге де құжаттарын тану ережесін бекіту туралы	Уәкілетті органның бұйрығы	2005 жылғы мамыр	ИСМ
15.	Аккредиттеу аттестатының нысанын бекіту туралы	Уәкілетті органның бұйрығы	2005 жылғы сәуір	ИСМ

16.	Мемлекеттік жанынан реттеу сараптама құру туралы	орган техникалық саласындағы кеңесін	Уәкілетті органның бұйрығы	2005 жылғы сәуір	Мемле- кеттік орган- дар техни- калық реттеу сала- сындағы өз құ- зыреті шегінде
-----	--	---	----------------------------	---------------------	---

Е с к е р т п е :

ИСМ - Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК